

## НУМИЗМАТИКА АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ РЕТІНДЕ

Алымов И..

Ғылыми жетекші: PhD докторы Қоскеева Ә.М.

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

Электронды адресі: koskeeva@mail.ru

Астана қ.

Өз өлкесінің тарихын құрметтейтін әрбір адам үшін жер қойнауында жатқан бақыр ақшалар ерекше қымбат болуы заңды құбылыс.

Алтын Орда туралы тарихи мағлұматтар түпкі бастаулардың үлкен тобында сақталған. Және сонымен қатар олардың ішінде Алтын Орда ақшаларында кеңінен таралған нумизматикалық материалдар ерекше орын алады. Алтын Орда тарихы жөніндегі жазба көздері аясының шектеулілігі салдарынан олар осы мемлекеттің экономикалық және саяси өмірін қайта қалпына келтіруде маңызды орын алады.

Алтын Орда ақшалары осы мемлекеттің тарихын зерттеудің аса маңызды дерек көздерінің бірі болып табылады. Металл теңгелердің аса көп мөлшерде табылуы – алтынорда ескерткіштерін қазған кездегі сипатты құбылыс. Сауда жолдарының торабында орналасқан Алтын Орда өзі өмір сүре бастаған кезеңнен бастап-ақ қолайлы экономикалық жағдайға ие болған еді. Алтын Орда тарихы бойынша ақшалардың өзі ғана емес, сондай-ақ олардың кешені (көмбелер мен жекелеген олжалар) де маңызды дерек көздері болып табылады. Алтынордалық ақшаларда билеушілердің есімдері, қала атаулары, даталар жиі беріледі. Берілген даталар, билеушілердің есімдері, қоныс атаулары зерттеушілер үшін Алтын Орданың тарихи географиясы мен саяси тарихы туралы құнды мәліметтер болып табылады. Сонымен қатар табылған ақшалар алтынордалық мемлекеттердің экономикалық өмірі туралы баға жетпес мәліметтер береді. Алтынордалық ақшалар метрология мен ақша реформаларын зерттеудің қайнар көзі болып табылады. Алтынордалық экономика туралы сансыз көп ақша көмбелері құнды ақпарат береді (көмбелер санының көбеюі тұрақсыздық кезеңдері туралы куәландырады), ал белгілі бір кезеңнің жекелеген (жоғалған) ақша олжалары түрлі уақыттағы тауар-ақша қатынасының даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Ақша кешендерін зерттеу Алтын Орданы түрлі аймақтарындағы қала өмірінің динамикасы, урбанизация кезеңдері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Металл ақшалар – Алтын Орданың тарихи географиясы мен қала орталықтарының оқшаулануындағы маңызды дерек. Сонымен бірге, олар мұсылман нышандарымен қатар Евразияның далалық көшпенділерінің рухани және мәдени өмірі туралы құнды дерек болып табылады. Өсімдік өрнектері (әсіресе гүл өрнекті ақшалар) мен геометриялық өрнектер (мысалы, алты бұрышты, бесбұрышты жұлдызшалар, свастика, шиыршық серіппе), әртүрлі заттардың бейнелері (құмыра, таразы, қанжар, садақ), тірі жан иелері (бүркіт, арыстан және күн, барыс, қой, түйе, ат, қыран, балықтар, тіпті адам бейнелері де) кездеседі. Тарихнамада бұл бейнелерге қандайда болмасын түсініктеме беруге талпыныстар болғанымен, олардың бәрі сәтті шықты деп айтуға болмайды. Мыс бақырлардағы кейбір бейнелер жұлдызнаманың белгілері болуы мүмкін. Халықтың бұл ақшаларға деген сенімдерін арттыру үшін оларды неғұрлым тартымды қылып жасауға тырысқан сияқты. Алтын Ордалық ақшалардың кейбір түрлері өздерінің әсемдіктерімен, көркем каллиграфиясымен ортағасырлық бейнелеу өнерінің нағыз шығармалары болып табылады [1, 8-б.].

Христиан Мартин (Христиан Данилович) фон Френ (1782-1851жж.) шын мәнінде мұсылман нумизматикасының негізін салушы болып есептеледі. XIX ғасыр нумизматтары танымал шығыстанушыны алтынорда нумизматикасының «князы» және «Несторы» атаған болатын. Алтын Орданың ақша ісін зерттеуге Х. М. Френнің ізбасарлары, В. В. Григорьев пен П.С. Савельев үлкен үлес қосты. Сонымен қатар, XIX ғасыр нумизматикасында коллекциялық

зерттеуге басымдық берілгенін де атап өту керек. Нумизматтарды ақшаның сирек кездесетін түрілері, «Нумизматикалық күлкілі оқиғалар», «anekdota» қызықтыратын, бұхаралық, біртектес металл ақшалар зерттеушілер назарынан көбінесе тыс қалып жатты. Көмбелік кешендерге деген үлкен қызығушылық ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғ. басындағы зерттеу жұмыстарында байқалады. ХІХ ғ. – ХХ ғ. басындағы табылған көмбелердің көпшілігі сақталмаған. Олардың құрамы туралы бірден-бір дерек сол заманның басылымдары болып табылады. И.Н. Березиннің, О. Блоудың, С. Лен-Пульдің, А.Ф. Лихачевтің, А.К. Марковтың, О.Ф. Ритовскийдің, В.К. Савельевтің, В.Г. Тизенгаузеннің, В.К. Трутовскийдің жұмыстарына алтынордалық мемлекеттердің ақша ісі мен ақша айналымын зерттеу туралы ұсыныстар берілген. Эрмитаждың қызметкері А. К. Марков іргелі «Императорлық эрмитаждың мұсылман ақшалары тізімінің каталогын» жасақтаған (1896) [2, 225-б.].

Каталогтың құрамына жошылық ақшаларда кірген. Өкінішке орай, эрмитаж жинағындағы ақшаларға өте қысқаша сипаттама берілген. Олардың иллюстрациялары берілмеген.

ХІХ ғ.-ХХ ғ. басында тарихи ақпараттың негізгі дерегі бұрынғыша жекелеген металл ақшалар болып қала берді, жағдай кейін өзгерген болатын. ХХ ғасыр нумизматикасы негізгі назарды экономикалық үрдістерге, ақша айналымына аудара бастады. жекелеген ескерткіштерден жинақталған көмбелер, ақша кешендері туралы сапалы басылымдар жарияланып оларды тіркеу басталды. Алтын Орда нумизматикасын зерттеуде саратовтық өлкетанушылар А. А. Корков пен Б.В. Зайковскийдің қызметі маңызды кезең болып табылады. Олардың қызметінде алтынордалық қалашықтардың жекелеген ақша кешендерін зерттеу елеулі орын алады. Түрлі ескерткіштердегі «ақша кезеңдерін» және ақша айналымының ерекшеліктерін анықтау басталады. А.А. Коротков пұлдардың табылған жерлеріне қарап, Алтын Орданың ақша сарайларының орналасқан жерін айқындау әдістемесін жасақтайды. А. А. Коротковқа Норовчата қаласы жерінде табылған ақшалардың орыны арқылы мордва жеріндегі Алтын Орда мемлекетінің маңызды орталығы – Мохшаны анықтаудың сәті түсті. 1950-жылдары көрнекті нумизмат, ГИМ-нің қызметкері Светлана Алексеевна Янина (1924-1997 жж.) қазба жұмыстарындағы, Болгардағы Куйбышев экспедициясы жинағындағы ақшаларды, содан соң Царев қалашығының ақшаларын зерттеуді бастайды. Осы жұмыстарды тұңғыш рет жошылық нумизматикаға байланысты бірқатар сұрақтар пайда болады (мысалы, қандай үлгіден алынған, шыққан уақыты белгісіз сериялардың даталарын анықтау т.б.). Алтын Орда тарихы бойынша бірде-бір ірі зерттеуді онжылдықтар бойына жошы нумизматикасының неғұрлым беделді маманы болып саналып келген МГУ профессоры Герман Алексеевич Федоров – Давыдовтың толып жатқан басылымдарына сілтемесіз елестету мүмкін емес. Оның жұмыстары жошытану саласында тұтас бір дәуірді құрайды. 1957 жылы Г.А. Федоров-Давыдов «Клады золотоордынских монет» атты кандидаттық диссертациясын қорғады (400-ден астам көмбелер туралы мәлімет берілген 3 мақала енгізілген). Бұл жұмыстың жалғасы ретінде кейін табылған бірен саран жошы ақшалары туралы басылым жарық көрді (1963). Бұл жұмыстарда зерттеуші топографиялық мәлімет құрастырып, ақша айналымдарының кезеңдерін ұсынды. Ұлыстың әртүрлі аймақтарында айналыста болған металл ақшалардың құрамының ерекшеліктерін қарастырды. Соңғы уақытта алтынордалық нумизматика мәселесімен айналысқандар қатарында В. П. Лебедев, А. Г. Мухамадиев, Д. Г. Мухаметшин, В. Н. Настич, А. А. Нудельман, Э. Оберлендер-Тырновяну, П. Н. Петров, А. Л. Пономарев, М. Б. Северова, А. З. Сингатуллина, Н. М. Фомичев т.б. зерттеушілер бар [3, 19-б.].

Ертеректе Мокринский І қорымын зерттеген кезде Жошы ақшалары кездескен болатын. Г.В. Кушаев пен Е.М. Пигаревтің мәліметтеріне, 1974-1975 жылдары қазба жұмыстары кезінде әр түрлі жерлеу орындарынан 4 жошы ақшасы табылған екен: 1323 ж. – 1 (мыс), 1340 ж. – 1 (күміс), 1342 ж. – 1 (күміс). Мыс бақырлар мен 1380 жылғы ақшалары ерекше қызығушылық туғызады, себебі қорымдардағы одан арғы зерттеулерде не мыс бақырлар, не Тоқтамыс хан кезіндегі металл ақшалар кездеспейді. Бұл зерттеу мәліметтері қорымдардағы одан арғы зерттеулерде не мыс бақырлар, не Тоқтамыс хан кезіндегі металл

ақшалар кездеспейді. Бұл зерттеу мәліметтері қорымдардағы жерлеу орындары кем дегенде XIV ғасырдың соңына жататындығын болжауға мүмкіндік береді.

Алтын Ордада XIII ғ. ортасынан XV ғ. аяғына дейін бейметалдық ісі орын алды – күміс және мыс бақырлар соғып шығарылды (алтын динарлар XIV ғ. тек Хорезмде ғана соғылды). Алайда, ақша айналымына жаткерлік алтын шақалар да қатысты (бәрінен де басым болған Дели сұлтандығының динарлары еді). Мыс бақырлар пұл атауын иеленді, күміс ақшалардан айырмашылығы олар жергілікті маңызға ғана ие болып, ұсақ сауданың интенсивті дамуына ықпал етті. Мыс бақырлардың неғұрлым басым бөлігі XIV ғ. соғылған, осы жүзжылдықта алтынордалық қалалар өзінің даму шыңына жеткен болатын, мыс бақырларды соғып шығару Өзбек пен Жәнібектің билік құрған кезеңіндегі қалалардың шұғыл дамуымен тікелей байланысты. Алтын Орданың ежелгі ақшаларында (Бағдад Халифа атымен) «динар» сөзі кездеседі. XVIII ғ. күміс ақшаларында «дирхем» сөзі жазылған. Қазіргі уақытта күміс ақшаларды белгілеу үшін «данг» сөзі қолданылған деп есептеуге негіз бар. Одан басқа да, Алтын Орданың ақша айналымында күміс құймалар – сумдар болған. Олар шын мағынасындағы күміс құймалар ғана емес, сонымен бірге ақша – салмақтық есептеу бірлігі қызметінде атқарған. Құрамында металл ақшалардан басқа күміс құймалар да болған бірнеше ондаған көмбелер белгілі.

Алтын Орда мемлекетіндегі тауар бағасы туралы онша мардымды емес жазба деректерден белгілі. Ибн Баттута, мысалы, Хорезмде 1330-шы жылдары «аттың құны 50 немесе 60 дирхем тұратындығын» хабарлайды. Эломаридің хабарламасынан көргеніміздей Сарай мен Үргеніш сияқты шалғайдағы қалалардағы тауардың бағалары XIV ғ. бір-біріне өте жақын болған. Алайда бағаның осындай ұқсастығы Алтын Орда тарихының барлық кезеңдерінде бірдей болған жоқ. Баға туралы көп мәліметтер батысеуропалық деректерде сақталған. Каффы массарилерінің дерегінше 1381 ж., модий бидай (250,1 немесе 281,5 кг) 140 аспр тұрған (күміс ақша), жылқы – 60-200 аспр, венециандықтарды генуялық түрмеде ұстау айына адам басына 40 аспрға шыққан, Каффының түңгі күзетшілері және Судақ горнизоны өкілдері айына 100-170 аспр, ал капитандар мен қазынашылар 200 аспрдан жоғары алып тұрған [1, 45-б.].

Жошы ақшаларының көпшілігіндегі жазбалар араб графикасымен берілген, алайда ұйғыр жазумен жазылғандары да кездеседі. Маджардың күміс ақшаларында Тоқты ханның 1310/1313 жж. Моңғолдың шаршы жазуы пагспен жазылған жазба кездеседі, оны ұлы Құбылай ханның бұйрығымен тибет ламасы Пагспа 1269 жылы құрастырған болатын. Жошы ақшаларында араб, парсы, түркі сөздері кездеседі. Ақша жазбаларындағы көптілділік Алтын Орда халқының тілдерінің әртүрлі болғандығын көрсетеді.

Көптеген күміс ақшаларда діни жазбалар бар, олар алтынорда тарихының бастапқы кезеңінде-ақ исламның тарай бастағанын дәлелдейді. Діни сөздер жазылған металл ақшалардың көпшілігі XIII ғ. екінші жартысында Волга Болғариясында шығарылған. XIV-XV ғасырлардың металл ақшаларында наным – сенімнің сунниттік нышандары кездеседі. Жошының мыс бақырлары, әдетте, анонимді болып келеді, оларда әр түрлі бейнелер беріліп, ақша сарайы туралы мәлімет береді, кейде датасы көрсетіледі (неғұрлым кең тарағандары астана – Сарайда, кейінірек – Сарай әл – Жәдитте шығарылған, арыстан мен күн, екі басты бүркіт, гүл өрнектері бейнеленген пұл эмиссиялары). Күміс ақшаларда, әдетте, ештеңе бейнеленбейді. XIII ғ. көптеген күміс эмиссиялар анэпиграфтық, ал жазбасы бар ақшаларда көбіне ханның аты берілмейді. Тоқты ханның бір ізге келтірілген реформасынан бастап, күміс ақшалар үшін біртекті стандарт енгізіледі. XIV ғ. күміс ақшаларында ханның аты және тұрақты титулатурасы, ақша сарайы, құйылған жылы көрсетіледі. Жошы ақшаларында даталар көбіне цифрлармен, ал кейде сөзбен, тіпті хронограммамен («абжад» жүйесі бойынша) берілген. Мыс бақырлардағы кейбір бейнелер он екі жылдық жануарлар циклын көрсетуі мүмкін екендігін болжануда. Ақшалардағы даталар азамат соғысы кезеңіндегі билік жүргізген хандардың шатасқан хронологиясы үшін аса маңызды дерек болып табылады. Алайда, даталардың көбіне өзгертіліп берілетіндігін де естен шығармауымыз керек. Ақшаның дата көрсетілген жағындағы штемпель бірнеше жыл бойына пайдаланылуы мүмкін (екі бетіндегі

дата екі түрлі хронологияны көрсететін ақшалар да кездеседі ). Алтын Ордада бұдан бұрын дүниеден озып кеткен Жәнібек ханның атынан шығарылған ақшалардың болғандығы да көпшілікке мәлім. Жошы ақшаларында адам есімінің алдында «сұлтан» және есімнен кейін «хан» титулы жиі ұшырасады. XIII ғ. екінші жартысындағы жошы ақшаларында «каан» титулы кездеседі, ал Жәнібектің ақшаларында «хакан» титулы көрсетілген. Жекелеген жағдайларда «мәртебелі падишах», «ислам падишахы» деген сөздер тіркелген. XIV-XV ғғ. билеушінің есімі мен титулынан кейін, әдетте, билеушіге билікте ұзақ отыруын тілеген тілек сөздері жазылған. Алтын Ордада өз атынан ақша шығару құқы тек Жошы ұрпақтарына берілген, алайда, хандар арасындағы өзара қырқыс кезеңінде жошылықтардан басқалардың да ақша шығарғандары туралы ақпараттар кездеседі (мысалы, Жошы ұрпағына жатпаса да хан Жәнібектің атымен ақша шығарған Полат – Темір). 1360 – 1370 жж. Алтын Орданың біраз бөлігін өз қолында ұстап тұрған әскербасы Мамай да өз атынан ақша шығармаса да, өзі отырғызған хандардың атынан шығарылған ақша эмиссияларын иеленген. Ақшаларда тек монғол – татар есімдері ғана емес, араб есімдері де кездеседі (мысалы, Өзбек ақшаларында Мухаммад, Жәнібек пен Тоқтамыс ақшаларында Махмуд). Бір ғана есіммен кездесетін ақшалар да бар. 1370 ж. Тулунбек ханымның атынан мыс бақырлар шығарылған [3, 65-б.].

Уақыт толассыз алға зымырауда. Ел тарихымен бірге металл ақшалар да, қағаз ақшалар да өз уақыттарын аяқтап, тылсымға аттануда. Мемлекеттер дамып тұрған кезеңде ақша белгілері де өмір сүрмек. Сондықтан бұл тақырыпқа деген қызығушылық ешқашан толастамақ емес...

Металл ақшалар (монета) туралы не білеміз? Ақшалар барлық уақытта бірдей өмірде болған жоқ. Ежелгі тарихқа неғұрлым тереңдеп еңген сайын, ақша пайда болғанға дейін сауда айырбас түрінде болғаны туралы айта аламыз, яғни бір тауар емесе қызмет басқа бір тауарға немесе қызметке айырбасталған, қазіргіше бартер. Алайда айырбас сауда қандай да болмасын тауардың сатушысына сатып алушының тауары қажет болған жағдайда ғана жүзеге асады. Ақша адамдарға өз тауарларын сатуға, содан соң алған ақшаларын өздері қалаған тауарға айырбастауға мүмкіндік береді. Түрлі кезеңде әртүрлі заттар пайдаланылған. Төлем ретінде әртүрлі пайдалы заттар пайдаланылған. Төлем ретінде әртүрлі пайдалы заттар қолданылған: пышақтар, тұз, сәндік моншақтар, мал т.б. Ежелгі Қытайлықтар әртүрлі пішінде құйылған қоланы пайдаланған. Американдық үндістер ақша ретінде моншақтар мен ұлудың қабыршағын қолданған. Қымбат металдан құйылып, номиналдармен белгіленген ақшалар тұңғыш рет Лидияда (қазіргі Түркия аумағының бір бөлігі) б.э.д. 700 жылдар шамасында пайда болған.

Металл ақшалар диск түріндегі металл құйма болып келеді, оның екі жағы бейне таңбалармен немесе жазбалармен айшықталады, бұл оны шығарған мемлекеттің өзіндік сапа белгісі рөлін атқарады. Бұндай ақшаларды дайындауға негізінен пайдаланылған металлдар: алтын, күміс, билллон (күміс пен қарапайым металлдың қоспасы – лигатура), мыс және қола.

Металл ақшаларды сипаттағанда оларды нумизматикалық зерттеу объектісі ретінде екі негізгі топқа бөлуге болады – материалдық және сыртқы. Алғашқысында «металл», «салмақ» (белгілі бір салмақ массасындағы металдан жасалынған ақшалардың қатаң белгіленген саны) және металдың сапалық таңбасы («проба») (қымбат металл мен лигатураның арасындағы проценттік қатынас) жатады. Ақша белгілерінің сыртқы тобына ақшаның екі жақты сыртқы пішіні, кесінді, жазбалар мен бейнелер, олардың түрлері (жазбалар мен бейнелердің өзара байланыста орналасуы), ең соңында оның бет жағы (avers – қысқаша av немесе б.ж.) мен артқы жағы (revers – қысқаша rv немесе а.ж.) жатады.

Ескі ақшалардың төтенше ғылыми ақпарат бере алатындығына қарамастан, олар өз бетінше нумизматтар еңбегінің негізгі объектісі болып табылмайды. Ақшаларды анықтау және сипаттау – олардың жұмысының тек бастапқы сатысы. Нумизматтық зерттеудің басты мақсаты анағұрлым күрделірек және қызықтырақ, бәрінен бұрын ол көмбелермен байланысты...

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Алтын Орданың ақшалары / Марыксин Д.В., Пачкалов А.В. – Орал: Полиграфсервис, 2009. – 50 б.
2. Аксенова С.В., Жилкин А.В. Монеты и банкноты России и СССР. Полный каталог монет и банкнот России. – Ростов н/Д: Владис: М.: РИПОЛ классик, 2009. – 416 с.
3. Пигорев Е.М. Монеты в погребениях Золотой Орды // Степи Евразии в эпоху средневековья. Т.1. – Донецк, 2000.

## **ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ «ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІН ӘКІМШІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ ТҮРҒЫДАН АУДАНДАСТЫРУ» ЕҢБЕГІ ДЕРЕК РЕТІНДЕ**

Амангелді М.Қ.

Ғылыми жетекшісі: тар.ғ.к., доцент Енсепов Б.Б.  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті  
Электрондық адресі: [ensepov\\_81@mail.ru](mailto:ensepov_81@mail.ru)  
Астана қ.

Қоғамда ұлттық зиялы қауым өкілдерінің, саяси қоғам қайраткерлерінің, тіпті ел ішінде танымал болған белгілі мемлекет қайраткерлері мен саясаткерлердің есімдері ХХ ғасырдың 1937-1938 жылдары Сталиндік «үлкен террор» кезінде кеңестік жүйенің арнайы жүргізген саяси іс-шараларының құрбаны болып кете берді. Кеңестік тарих ғылымы жекелеген ұлттық тұлғалардың өмір жолдары мен азаттық жолындағы күресі мен ұлтына арнаған қоғамдық-саяси қызметтерін өмірге жанаспайтын ұғымдар тұрғысынан қарастырды, зерттеуге тыйым салды, ал зерттеле қалғандары сыңаржақ бағаланып, тарихи шындық тұрғысынан бағалауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан да тарихтың бұл беттерін қайта қарастырып, әлі де болса қолданбай келген мұрағат құжаттары арқылы жаңа шынайылық көзқараспен сынай отырып, қазақтың «Темір наркомы» деп аталған Темірбек Жүргеновтің Кеңес үкіметі тұсындағы қайраткерлік өмірі мен қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметтері туралы тарих саласында осы күнге дейін толық, арнайы түрде ғылыми тұрғыдан зерттелмеген тұстарын кешенді түрде ашып көрсету өзекті мәселенің бірі.

Темірбек Қараұлы Жүргенов 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жаңаталап елді мекенінде дүниеге келеді. Темірбек алғашқыда Мұхаметжан деген ауыл мұғалімінен сабақ алып, кейіннен шығыс тілінің білгірі, ақын Тұрмағанбет Ізтілеуовтен оқуын жалғастырады. Ақын Тұрмағанбет Ізтілеуовтен Темірбек, парсы, өзбек, тәжік тілдерін меңгеріп, шығыс әдебиетін бойына сіңіреді. Темірбектің әкесі Қара баласының білімге деген құмарлығын байқап, зеректігін ескеріп, он жасында оны екі сыныптық орыс-қазақ Аламесек мектебіне оқуға береді. Т. Жүргенов Аламесектегі мектепте демократиялық көзғарастағы мұғалімдер Омар Сатаев, Досмұхамбет Букин секілді ұстаздардан білім алады. Темірбек Аламесек мектебін 1913 жылы бітіріп, сол жылы Перовскідегі Суханский атындағы қалалық жоғары орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі[1, 17 б]. Осы училищесінде ол Б. Есенов, И. Давыдов, Н. Шипков және басқа да озық ойлы ұстаздардан дәріс алады. Училищені 1917 жылы бітіріп, сол жылы Уфадағы жер өлшеу училищесінде білімін жалғастырады. Бірақ 1918 жылы басталған азамат соғысы салдарынан оқу орны жабылып, ендігі кезекте Темірбек бар ынта-жігерімен саяси өзгерістер мен жаңарулар алдында тұрған елінің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып кетеді. 1918-1921 жылдары Торғай, Ырғыз, Ақмешіт өңірлерінде түрлі кеңес қызметтерін атқарады[2, с 67]. Ол 1918 жылы Торғайда «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, 1920 жылы коммунистік партия қатарына өтеді. 1921 жылы Темірбек Орынбордағы жұмысшылар факультетіне оқуға түсіп, оны 1923 жылы аяқтағаннан кейін, оқуын жалғастыру мақсатында Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетіне түседі. Бұл кезде университет 2 мыңнан астам студенті және 370 профессор мен оқытушысы бар ірі оқу орнына айналған-ды[3, 228-229 бб].